

**Жамбыл облысы әкімдігінің «Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі» Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы АНЫҚТАМАСЫ**

**Тараз қаласы**

**20.04.2026 жыл**

**Ішкі талдау объектісі:** Жамбыл облысы әкімдігінің Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі Мемлекеттік Коммуналдық Қазыналық Кәсіпорны (ары қарай – Колледж).

Мекеменің мекен-жайы: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай даңғылы, №278.  
Жұмыс телефоны: 8 7262 46-47-17.

Электрондық поштасы: [pl.13\\_09@mail.kz](mailto:pl.13_09@mail.kz)

**Ішкі талдау комиссия тобы:**

**Комиссия төрайымы:** Ералиева Лейла Нурлановна, кәсіподақ ұйымының төрайымы.

**Комиссия мүшелері:**

- Жанкуанышева Гульнар Куттикияевна, комплаенс-қызметінің офицері;
- Тайбеков Женис Мелсович, директордың орынбасары;
- Тулебаева Бахыткуль Ашимовна, кадр бөлімінің меңгерушісі;
- Адильбаев Алишер Айтпаевич, директордың орынбасары;

Комиссия тобы колледж директоры У.Кенжебаеваның 01.04.2026 ж. №29-н-қ бұйрығымен құрылған.

**Ішкі талдау қамтылған кезеңі:** 20.08.2025 ж. – 01.04.2026 ж. аралығы.

**Ішкі талдау жүргізілген мерзімі:** 2026 жылдың 08 сәуірден бастап 18 сәуір аралығы жүргізілді.

**Жауапты уәкілетті тұлғалар:**

- Кенжебаева Улжан Каипбековна, директор;
- Асанбаева Малика Абдуллаевна, мемлекеттік сатып алу бойынша менеджер;
- Мырзакулова Айнур, бас есепші;
- Тайбеков Женис Мелсович, директордың өндіріс ісі жөніндегі орынбасары;
- Адильбаев Алишер Айтпаевич, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- Мухатаева Сабира Аманбаевна, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- Тулебаева Бахыткуль Ашимовна, кадр бөлімінің меңгерушісі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабы 5 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас-жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес және Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы бойынша 2026 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесіне» сәйкес,

колледждің комплаенс қызметінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

**Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі құрылымы:**

**Колледждің басқару, педагогикалық кеңес, индустриалды кеңес, қамқоршылық кеңестер жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес жүргізіледі.**

**Құрылымдағы бөлімдер:**

1. Оқу бөлімі
2. Оқу-өндіріс бөлімі
3. Тәрбие бөлімі
4. Әкімшілік-шаруашылық бөлімі
5. Қаржы бөлімі

Әкімшілік қызметкерлер - 7

Оқытушылар саны – 27

Өндірістік шеберлер саны – 13

Кіші қызметкерлер – 20

Қызметкерлер – 14

Декреттік демалыста - 9

**Барлығы – 90 қызметкер.**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар мен өлшем шарттар бойынша жүзеге асырылды:**

1. Ішкі нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Колледж ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**I. Ішкі нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Колледж өз қызметінде басшылыққа алатын және олардың негізгі қызметін қозғайтын төмендегі нормативтік-құқықтық актілер зерделенді:

Колледж жарғысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалынған. Колледж стратегиялық жоспары, Ұжымдық шарт, Педагогикалық әдеп қағидалары мен нормалары, колледждің ішкі тәртіп ережесінде сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормалар анықталған жоқ.

**II. Колледж ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

**1. Қызметкерлер құрамын басқару бойынша:**

2025-2026 оқу жылы есепті мерзімде жұмыстан босатылған адамдар саны – 8, барлығы келісім шарт мамандары, оның ішінде 8 қызметкер өз еріктерімен жұмыстан босатылды.

Жұмысқа қабылданған адамдар саны – 13, барлығы келісім шарт мамандары, конкурс бойынша қабылданған 5.

Жұмысқа қабылдау әлеуметтік желілерде <https://www.facebook.com/Zhdcollege>, [https://www.instagram.com/taraz\\_temirjol\\_college/](https://www.instagram.com/taraz_temirjol_college/), колледж сайтында уақытысы көрсетіліп вакансия жариялау колледж әлеуметтік желі арқылы, enbek.kz электронды платформа арқылы қабылданушылардың түйіндемесін алумен, қабылданушылардың құжаттарын «Колледж педагогінің бос немесе уақытша бос луазымына қабылдау конкурсының конкурстық комиссиясының» қаралуымен жүзеге асырылды. Конкурс нәтижелері уақытылы колледждің ресми сайтында, әлеуметтік желілерде жарияланып отырды.

Жұмысқа қабылдау ҚР Еңбек кодексінің 34 бабына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына сәйкес, enbek.kz, nobd.iac.kz платформасы арқылы жүргізіледі.

## **2. Қызметкерлерді ынталандыру бойынша:**

2025-2026 оқу жылында колледж қызметкерлеріне «1-2 қаңтар – Жаңа жыл» Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекесіне орай, ұжымның қоғамдық өміріне қосқан үлесі үшін ақшалай сыйлықақы берілді.

## **3. Тәртіптік жазаға тарту туралы:**

Колледжде 2025-2026 оқу жылы есепті мерзімде колледж басшысының бұйрығымен тәртіптік жазаға 9 қызметкер тартылған, оның ішінде ескерту – 8, сөгіс – 1

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 64 бабының 1 тармағы 1 тармақшасы негізінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Мухатаеваға бала тәрбиелеу бойынша ата-аналық міндеттерін орындамайтын ата-аналарды анықтау жұмыстары толық жүргізілмегені үшін «Ескерту» түрінде тәртіптік жаза берілді.
2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 64 бабының 1 тармағы 1 тармақшасы негізінде топ жетекшілері С.Шайхиева, Д.Икрамова, А.Махамбетова, С.Молдатаева, А.Сарсенбековаға білімгерлердің үй-тұрмыстық жағдайын зерделеу актісін толық тапсырмағаны үшін «Ескерту» түрінде тәртіптік жаза берілді.
3. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 64 бабы 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес педагог-психолог А.Тәжібаеваға білімгер А.Жолдыбайдың ата-анасынан психологиялық сүйемелдеу жүргізуге келісім алмағаны, сол себепті психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілмегені үшін «Ескерту» түрінде тәртіптік жаза берілді.
4. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 64 бабының 1 тармағы 1 тармақшасы негізінде әлеуметтік педагог Э.Алибаеваға кәмелетке толмаған білімгерлердің мүліктік және мүліктік емес құқықтарын қорғалуы қамтамасыз етілмегені үшін «Ескерту» түрінде тәртіптік жаза берілді.
5. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 64 бабының 1 тармағы 2 тармақшасы негізінде бас есепшінің міндетін атқарушы А.Мырзакуловаға Жамбыл облысы бойынша Тексеру комиссиясының аудиторлық есеп

нәтижелері бойынша жіберілген кемшіліктеріне, лауазымдық міндетін өз деңгейінде орындамағаны үшін «Сөгіс» түрінде тәртіптік жаза берілді.

Колледж бекітілген Жарғы аясында қызмет атқарады.

**4. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша:** Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес мүдделер қақтығыстығы орын алмаған.

**5. Бақылау жұмысын жүргізу бойынша:**

**1. 2025-2026 оқу жылына білім алушыларды қабылдау:** 2025-2026 оқу жылына талапкерлерді оқуға қабылдау «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы негізінде жүргізілген. Талапкерлердің құжаттарын қабылдау әңгімелесу нәтижесі негізінде облыстық білім басқармасының мемлекеттік тапсырысын бөлуге арналған «СмартНейшен» ақпараттық жүйесіне енгізу арқылы жүзеге асырылған. Қабылдау комиссиясына барлығы 283 өтініш келіп түскен, оның ішінде 9 сынып бітірген талапкерлер саны – 250, 10 сынып бітірген талапкерлер саны – 33. «СмартНейшен» ақпараттық жүйесімен өткізілген конкурс нәтижесінде 252 талапкер мемлекеттік тапсырыс негізінде, 1 ақылы түрде (ата-анасының өз өтініші бойынша) оқуға түскен. 31 тамыз 2025 жылдың №59-к бұйрығы бойынша талапкерлер оқуға қабылданған. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлық орын алмаған.

**2. 2026-2027 оқу жылына білім алушыларды қабылдау бойынша жұмыстар** «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы негізінде 25 маусымнан басталады.

**2. Оқу процессінің ұйымдастырылуы:** Білім алушылардың үлгерімін бақылау ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде ұйымдастырылған.

Академиялық дербестік аясында және оқу үрдісі оқыту нәтижеге бағыттауға байланысты 2025-2026 оқу жылында келесі жұмыстар атқарылды:

World Skills және кәсіптік стандарттар басшылыққа ала отырып кәсіптік модульдер бойынша жұмыс бағдарламалар әзірлеу,

Критериалдық бағалауда пайдалынатын бақылау тапсырмаларды әзірлеу, аралық аттестаттауға арналған тапсырмаларды бекіту,

«Жас маман» жобасы аясында алынған қондырғыларды толыққанды игеру мақсатында модуль бойынша тәжірибелерді колледж шеберханаларында өтеді.

Студенттердің оқу мотивациясының деңгейін арттыру мақсатында өндірістік тәжірибелерді заманауи технологиялармен жабдыкталған өндірістерге жіберудің жоспары жасалды

Педагогикалық қызметте студенттерді даярлау сапасын арттыруға ықпал ететін инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану бойынша колледж оқытушысының тәжірибесін жинақтау мақсатында оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарынан өту жоспары жасалды.

Колледж студенттерін кәсіптік тәрбиелеудің тиімділігін арттыру мақсатында оқытушылар құрамы арасында кәсіптік тәрбиеге арналған кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізу жоспары әзірленді.

Оқу үрдісінің кестесінде барлық мамандықтар бойынша, аралық аттестациялардың мерзімдері бекітілген (сынақ-емтихандық сессиялар).

Колледжінің ішкі тәртіп ережелерін негізінде ағымды бақылау төмендегідей жүргізіледі:

- Зертханалық-тәжірибелік сабақтарда тапсырмаларды орындау және қорғау;
- Бағалау өлшемдерге арналған бағалау тапсырмалар орындау;
- Сұрақтарға жауап беру;
- Жазбаша жұмыстар (эссе, салыстырмалы кестелер және тб);
- Іскерлік ойындар.

Шектік аттестацияның қорытындысы, білімгерлердің оқу үлгерімі мен сапасы директордың жанында отырыста қаралып, тиісті шешімдер қабылдануда, қосымша сабақтардың кестесі жасалынып, қайта тапсыруда. Қабылданған шешімдердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін нақты іс-шаралар жасалынды және колледж ішілік барлық деңгейде қадағаланып отырды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (2-қосымша 18 тармақшысы) сәйкес аралық аттестаттау нәтижелері бойынша біреуден артық емес "қанағаттанарлық" бағасы бар білім алушылар үшін бағалауды арттыру мақсатында қайта тапсыруға 42 білімгерлерге жол берілді.

Білім алушылардың білімін объективті бағалау үшін, колледж директорының 2025 жылдың 12 мамырдағы №24-н-қ «Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамын жасақтау туралы» бұйрығымен қорытынды аттестациялық комиссия құрамы 70% жұмыс берушілерден құралған.

### **3. Колледждегі мемлекеттік қызмет көрсету бойынша:**

Колледжде мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу, 2022 жылдың 31 тамыз №43 «Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша» бұйрығымен колледж қызметкердеріне міндеттелген. Мемлекеттік қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №506 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында

білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидалары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №197 бұйрығы "Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы", Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №39 бұйрығы "Білім туралы құжаттардың телнұсқалары және оларға қосымшалар беру", Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №66 бұйрығы «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 бұйрығы "Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау", "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру" бұйрықтарындағы ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлық орын алмаған.

**4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша:** Колледжге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

Колледждің [eotinish.gov.kz](http://eotinish.gov.kz) порталы арқылы барлығы 23 өтініш келіп түскен. Оның ішінде:

1. Кіші бизнес иелерінің коммерциялық ұсыныстары - 6. Олардың қатарында әлеуметтік сауалнама жүргізу - 2; әдеби кітаптар туралы ұсыныстар – 6; ақылы біліктілік курстарын өткізу бойынша ұсыныс – 6; дипломды растау бойынша – 3. Барлық өтініштер уақытылы қаралып жауаптары уақытылы жіберілген.

Азаматтардың ауызша және жазбаша өтініштерін уақытылы және толық қарастырылуын қамтамасыз етілуі, олар бойынша шешім қабылдап, заңмен белгіленген мерзімде өтініш иесіне жауап қайтарылуы Колледждің басты назарында.

#### **V. Есепті кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар:**

2025-2026 оқу жылында сыбайлас жемқорлыққа қарсы колледжде келесідей іс-шаралар өткізілді:

1. 02.09.2025 колледж студенттерімен «Адал адам. Адал еңбек. Адал табыс!» тақырыбында бірінғай кураторлық сағаттар өткізілді (<https://www.facebook.com/share/p/1EiwKY4m6M/>);

2. 05.09.2025 жылы Жамбыл облысы бойынша бала құқығы жөніндегі өңірлік уәкіл Бағжанов Дәурен Орайұлы мен Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының "Облыстық психологиялық қолдау орталығының" директоры Райф Ришат Еркінұлы колледждің педагог қызметкерлерімен "Бала құқығы - адам құқығы" тақырыбында түсіндірме жұмыстар жүргізді (<https://www.facebook.com/share/p/1MGQP5nsi6/>);

3. 21.11.2025 жылы тарих пәні оқытушысы А.Бозымбекова колледж студенттерінің қаржылық қауіпсіздіктерін көтеру мақсатында топтарға "Қаржылық қауіпсіздік" тақырыбында түсіндірме жұмыстар жүргізді (<https://www.facebook.com/share/r/14dG2f3NFxD/>);

4. 01.12.2025 жылы колледж әлеуметтік желілерінде "Сыбайлас жемқорлықсыз Қазақстан" атты челлендж жарияланды. Челлендж жастардың бойында парасаттылық, адалдық қағидаларын сіңіру мақсатында түсірілді;

5. 29.01.2026 жылы колледждің комплаенс офицері оқу жылының 1 жартыжылдығы бойынша есеп берді;

6. 2026 жылдың 1 ақпан күні ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің бас маманы Ажибаев Айбек және Жастар орталығының жас мүшелері колледж студенттерімен кездесу өткізді;

7. 08-10 сәуір аралығында колледж студенттері мен бітіруші тулектерінен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша алынған сауалнаманың нәтижесінде: 1,2,3 курс студенттерінен алынған сауалнамада барлығы 229 студент қатысқан. «Сыбайлас жемқорлық әрекеттері дегеніміз не?» деген сұраққа 69,4% студенттер «Пара беру» деп жауап берсе, 17,5% «Өз міндеттерін асыра пайдалану», 4,4% «Көмектесу», 8,7% «Жауап беруге қиынсынамын» деп жауап берген. «Сіз колледжде сыбайлас жемқорлық әрекеттерімен кездестіңіз бе?» деген сұраққа 89,5% «Жоқ, ешқашанда» деп жауап берсе, 10,5% «Жауап бергім келмейді» деп жауап берген. «Ия болса, қандай түрімен?» 229 студенттердің 206 ғана студент жауап берген, оның ішінде 83% «Ақылы қызметтер олар тегін болу керек еді» деп жауап берсе, 17% «Оқуға немесе ауысу үшін пара беру» деп жауап берген. «Сіз қалай ойлайсыз студенттер не үшін пара береді?» деген сұраққа 91,9% «Оқығысы келмейді» деп жауап берсе, қалған 8,1% «Барлығы солай жасайды бұл норма» деп жауап берген. Студенттер «Сіз пара беруге мәжбүрлесе, қайда хабарласу керек екенін білесіз бе?» деген сұраққа 39,7% «Құқық қорғау органдарына», 29,3% «Директорға, әкімшілікке», 8,3% «Оның көмегі болмайды» деп жауап берсе, қалған 22,7% «Жоқ білмедім» деп жауап берген. Ал «Сіз сыбайлас жемқорлықпен күресуге дайынсыз ба?» деген сұраққа 66,4 студент «Иә» деп, 19,2% «Жоқ» деп, ал 14,4% «Жауап беруге киналамын» деп жауап берген.

#### **VI. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен мемлекеттік аудитті өткізуі, нәтижелері және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша тексеріс актілері бойынша:**

##### **Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен мемлекеттік аудитті өткізуі, нәтижелері және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша тексеріс актілері бойынша:**

Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінде қаржылық бақылау органдарымен аталған мерзімде мемлекеттік аудит жүргізілген жоқ. «Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан тексеріс жүргізілді, бұзушылықтар анықталған жоқ.

##### **Колледжде өткізілген мемлекеттік сатып алулар саны және өткізу тәсілдері, олардың қорытындылары мен келісім шарттары және орындалу мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдары аясында жүргізіледі.**

Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінде 2025 жылы барлығы 79 келісім шарт жасалған, 75 компания өз міндеттерін орындап, орындалған жұмыстар бойынша актілеріне қол қойылған. Оның ішінде 4 компания (ИП "Арайлым",

BEREKE GROUP, ИП Енсебеков, ТОО "Fast Com") өз міндеттерін орындамаған - Шартты біржақты бұзудың себебі Мемлекеттік сатып алу Заңының 18-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген шектеулерді бұзу (өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда) себептерінен шарттар бұзылған және «жосықсыз қатысушылар» ретінде танылған.

Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінде 2026 жылы барлығы 49 келісім шарт жасалған, 17 компания өз міндеттерін орындап, орындалған жұмыстар бойынша актілеріне қол қойылған. Жосықсыз қатысушылар жоқ.

Есептік кезеңде жоғарыда аталған функциялар бойынша сыбайлас жемқорлық көріністері мемлекеттік сатып алулар кезеңінде анықталған жоқ.

**VIII. Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ағымдағы жылдың есептік кезеңінде профилактикалық және атқарылған іс-шаралар ақпараты төмендегідей:**

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі колледж басшысының тұрақты бақылауында. Тараз теміржол көлік және коммуникация кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іс-шаралар туралы:

1. Колледж директоры У.Кенжебаеваның 2025 жылдың 31 наурызындағы №20-н/к бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын атқаратын құрылымдық бөлімшесі жұмыс атқаруда.

2. Колледж комплаенс қызметімен келісілген колледж директоры У.Кенжебаевамен 17.04.2021 ж. бекітілген «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулығымен қазіргі уақытта құрылымдық бөлімше жұмыс атқаруда.

3. Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулығының негізінде бекітілген «Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-институтының ережесі» орыс және қазақ тілінде, «Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты», «Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты», «Колледждің сыбайлас жемқорлық тәуекелдер картасы», Мүдделер қақтығысын реттеу ережесі комплаенс офицері Г.Жанкуанышевамен, колледжішілік жиналыста жаңадан келген қызметкерлерге таныстырылып және тіркеу журналына барлық қызметкерлер танысқаны туралы қол қойып отыратыны анықталды. Және де барлық аталған құжаттар <https://tzhk.edu.kz/Колледждің-сыбайлас-жемқорлыққа-қарсы-комплаенс-институты> колледж сайтының парақшасында енгізіліп жарияланған.

4. 2023 жылдың 30 наурызында колледж директоры У.Кенжебаевамен бекітілген колледж комплаенс қызметімен келісілген «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының педагогикалық әдеп қағидалары мен нормалары, жаңадан жұмысқа орналасқан педагог қызметкерлеріне таныстырылып, сол туралы кітапшаға қол қойылып отырады.

5. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне және Мемлекеттік қызмет

істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне уақытылы есептер тапсырылып отырады.

Қызметшілердің қызмет саласындағы қолданыстағы заңнама нормаларын бұзу фактілері туралы хабарламаларға жедел түрде шара қолдану мақсатында колледж директоры азаматтарды жеке мәселелер бойынша қабылдауын жүргізеді. Колледждің tzhk.edu.kz сайтында колледж директорының жеке блогы орналасқан. Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының орындалуы қатаң түрде бақыланады. Келіп түскен өтініштер бойынша заңнамамен белгіленген мерзімде түсінік беріліп, шаралар қолданылады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік көзқарасты қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бұрышы мен өтініштер үшін арнайы жәшік орнатылған. Аталған мерзімде жәшікке өтініш түскен жоқ.

Есептік кезеңде Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінің қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылық фактілері орын алмаған.

Колледж қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында жұмыстарын жалғастырсын.

Ішкі талдау жүргізген  
жұмысшы топ мүшелері:

Комиссия төрайымы

 Л.Ералиева

Комплаенс офицері

 Г.Жанкуанышева

Комиссия мүшесі

 А. Адильбаев

Комиссия мүшесі

 Ж.Тайбеков

Комиссия мүшесі

 Б.Тулебаева